Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Буенбаева Зарина Қайратқызының «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясы туралы

П І К І Р

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Бүгінгі таңда халықаралық ақпараттық кеңістікте көрініс тауып жатқан жаңа медиа тенденциялар қазақ журналистикасының дамуына елеулі әсер етуде. Яғни заманауи технологиялар ақпараттық кеңістіктің түрленуіне, әр тараптануына, толысуына себепші болуда. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», - деген ой айтады. Аталмыш концепт докторант Буенбаева Заринаның «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясының алтын өзегіне айналған, сол форма-арна лайықты мазмұнмен толыққан. Нақтылай түссек, зерттеу жұмысында ол көне түркі жазбалары ***қазіргі ақпараттық технологиялардың*** бастауында тұрғанына салмақты дәлел келтіреді, инфографика сынды заманауи шығармашылық әдісімен орынды параллель жүргізеді. Ғаламдастыру саясатының, батыстық жаңғыру үлгісінің әмбебаптық сипаты жоқ екенін диссертант Дипеш Чакрабартидің теориясына қарайлай отырып, негіздей түседі.Осы ретте бұл ұстанымның біз сияқты дамушы елдер үшін аса көкейтесті мәселе екенін атап көрсеткіміз келеді. Расында да, «қазіргі заман» немесе «заманауи» ұғымдары алыс Батыстың және Еуропаның синониміне айналып отыр. З.Қ. Буенбаева «қазіргі заман» ұғымын идеологиялық категория, нарықтық өнім, тауар деп қарастырады. Біз бұл трансформациялық құбылыс туралы пікірімен де келісеміз. Өйткені ғылыми жұмыста соған бойласатын тұжырым бар. Басқаша айтқанда, стратегиялық лебі XXI ғасырдың басында қатайған жаһандану қисынының бүгінде өзектілігі бәсеңдеп, кері процесс, яғни локальдық тенденцияға сұраныс арта бастағанын зерттеуші өзінің «келімді-қайтымды толқындар» теориясымен негіздейді. Осындай пәнаралық сабақтастыққа сүйене келе, еліміздің өзінің рухани кодына оралып, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың жаңа тарихи белесіне бағыт алғанын жосықты сипаттайды.

Сонымен қатар, диссертация мазмұны «Цифрлық Қазақстан», «Ақпараттық Қазақстан» сияқты мемлекеттік бағдарламалармен, мемлекетімізді дамытудың жол картасымен, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің даму концепциясымен, жылдық қорытынды есептерімен тығыз байланыстырылған. Бұл ретте, ақпараттың даму жылдамдығы, ақпараттық қоғамға көшу талабы Канада, Корей Республикасы, Малайзия, Сингапур, АҚШ сынды елдерде еселене түскені де, осы үдеріс заман талабына айналғаны сәтімен баяндалады.

Демек, зерттеуші қарастырып отырған тақырыптың, дәстүр мен жаңашылдықтың, Шығыс пен Батыс бәсекелестігінің өзектілігі мен құндылығы нақты деректер, жаңашыл байламдар, ресми құжаттар арқылы баянды етілген,бүгінгі отандық медиа кеңістіктің бет-бейнесін, бет-алысын инерциалды талдау, теория мен эмпирикалық зерттеу аясында жан-жақты тұжырымдауға мүмкіндік берген.

2. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

З.Қ. Буенбаеваның диссертациялық жұмысы даралық принципіне сүйене отырып жазылған. Зерттеу жұмысын оқу барысында біз ізденушінің жаңа медиа және отандық журналистикада заманауи тақырыпты жан-жақты жүйелеп, негіздеп, дәйектеп қосқан ғылыми үлесін ерекше атап өткізім келеді.

Ізденушінің зерттеу жұмысы ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары жүйеленген, автордың ұстанымдарын дәлелдеуге негізделген, мазмұны жағынан бір-бірімен өзара тығыз байланыста құрылған үш тараудан және 12 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің мазмұны мен онда қарастырылатын мәселелері ішкі өзара тығыз бірлікке құрылған, диссертация мазмұны толық ашылған.

Диссертацияның «Ноосфера аясындағы Шығыс пен Батыс өрісі» атты бірінші тарауы журналистиканың тарихи эволюциясын сипаттайды. Яғни көне түркілік заманнан бастау алатын қазақ бабажурналистикасынан бүгінгі заманауи әлемдік ақпараттық кеңістіктегі сана кооперациясы сипатталады.

Диссертацияның екінші тарауы біріншісінің логикалық жалғасы болғандықтан, сәйкесінше, бұл тарауда жаңа медиа құбылыс – конвергенция үдерісінің қыры мен сыры, халықаралық және отандық тәжірибесін салыстыру арқылы жаңа журналистиканың сын-сипаты, негізгі даму аспектілері қарастырылады.

Қорытынды үшінші тарау ақпараттық кеңістіктің болашаққа бағдарын анықтайды, журналистиканың келешектегі басым бағыттарын талдайды.

Қорытындылай келе, мазмұны мен жүйелілігі тұрғысынан құрылған зерттеу жұмысының ішкі бірлігін жоғары деп бағалауға болады.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

З.Қ. Буенбаева Шығыс және Батыс танымындағы медиа үдерісті «дәстүр – контент – конвергенция» тізбегі тұрғысынан салыстырмалы талдаудың арқасында келесідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1. Байырғы түркі жазбаларын бүгінгі заман талабына сай қарастыра отырып, уақыт пен кеңістіктің жаңа векторында көнеге оралу процессінің жүріп жатқаны негізделді. Яғни ақпаратты жеткізудің ықылым замандағы таңбалау әдісі мен бүгінгі журналистикадағы латентті байланыс (коммуникация) үзілмегендігі графикалық элементтерді өзара салыстыру арқылы тиянақталды. Нәтижесінде, ақпаратты жеткізудің, тасымалдаудың графикалық, таңбалық формасы заманауи мультимедиалық ақпарат таратудың әрі тарихи, әрі инновациялық түрі деп тұжырымдалды;

2. медиа кеңістігіндегі заманауи медиа құбылыстар дәстүр сабақтастығы, контент модернизациясы және конвергенция үдерісі шеңберінде кешенді қарастырылды. Аталмыш үштаған шеңбері заманауи тенденциялар дамуының өзгеше пішініне айналғаны байыпталды;

3. конвергенция үдерісінің БАҚ-тағы қалыптасу және даму қағидаларының қазақстандық келбеті сипатталды. Конвергенция үдерісінің әсерінен дәстүрлі БАҚ-тың түрленген және түрлену барысындағы картинасы айқындалды;

4. әлеумет санасына әсер ететін жаңашыл медиа үдерістердің бастаушы принциптері талданды. Заманауи технологиялардың қоғамдық сананы модернизациялаушы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты трансформациялаушы стандарттары баяндалды. Ақпаратты қабылдау барысындағы жаңа формалар анықталды;

5. жаһандану теориясының өтпелі сипатына назар аударылды. Ол пікір келімді-қайтымды толқындар теориясымен орнықтырылды;

6. ақпараттық салада пайда болған және келешекте дүниеге келетін революциялық құралдар жүйеленді. Оған қазіргі сәтте зор жылдамдықпен дамып жатқан роботтанған журналистиканың қалыптасуы, телевизиядағы дикторлардың автоматтандырылуы реалды мысал ретінде алынды.

Буенбаева Зарина Қайратқызының «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясы, біріншіден,

зерттеудің күн тәртібіне жаңа форматта қойылуымен, нақты дәлелдемелердің берілуімен және тұжырымдарды жүйелі негізделуімен ерекшеленеді.

Бірінші тұжырымында автор коммуникация және инфографикадағы графикалық, таңбалық элементтерді көне түркі таңбаларымен тұңғыш рет сабақтастырады. Ол нақты таңбаларды салыстыру алдында логикалық байланыс жағына басымдық береді. Яғни бұрындары ақпаратты баяндау, таңбалау арқылы жеткізудің ыңғайлы болса, қазіргі таңда аудиторияның ұзақ мәтіндерден гөрі суреттер мен таңбалауды жылдам да жеңіл қабылдайтыны өтімді. Осы тұрғыдан алғанда, біз бұл тұжырымды бұрын-соңды салыстырмалы түрде қарастырылмаған деуге толық негіз бар деп айта аламыз.

Екінші тұжырымға сәйкес, жалпылық сипат байқалғанымен, тақырыпқа тереңдей түссек, дәстүр мен жаңашылдық, Шығыс пен Батыс тәжірибесінің торабында салмақты бір зерттеудің дүниеге келгенін аңғарамыз. Контент модернизациясын бүге-шүгесіне дейін талдап, дәстүр мен қазіргі заманғы сұраныстың аражігін анықтауы, пәнаралық, соның ішінде физика, астрономия, геометрия іліміндегі белгілі теориялармен ыңғайлас өрістетілуі жұмыстың мазмұнын барыншы аша түсті, оған жаңа леп берді, өзектілігін арттырады. Мұндай өзара теориялар өрілген медиа саласындағы зерттеулер журналистика саласында кемде-кем.

Өз кезегіндегі үшінші тұжырымға келсек, автор қазақ медиа саласында бұған дейін өзгеше тұрғыда зерттеуге ілікпеген конвергенция үдерісінің толыққанды сипатын кескіндеді. Конвергенция үдерісіне қатысты теориялық және эмпирикалық сараптау жұмыстарын жүргізуінің жаңашылдық деңгейін жоғары бағалаймын.

Төртінші тұжырым қоғамдық сана модернизациясы туралы болғандықтан, мұнда әлеуметтану, философия және журналистика барынша одақтастып отыр. Бастапқы екі сала үшін бұл тақырып таңсық емес. Ал медиа саласында бұл тақырыпта әлі де айтар, жазар зерттеулер бола жатар. Дей тұрғанмен, ізденуші ақпараттық кеңістіктегі технологиялық революцияның нәтижесінде пайда болған заманауи қарым-қатынастарды шетелдік тәжірибемен салыстыра келе, қазақстандық тәуекелдік векторларын есепке алады. Бұл өз кезегінде тұжырымның жаңашылдығына жол ашады.

Бесінші тұжырымның жаңашылдық деңгейі біз үшін салыстырмалы түрде жаңа деп түйеміз. Олай дейтініміз, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жаһанданудан гөрі тарихи тамырымызға оралу қажеттілігіне баса назар аударады. Бұдан біз зерттеу жұмысының ілгерілік ғылыми потенциалын аңғарамыз. Жаһанданудан локальдануға ауысу тұжырымын автор физика теориясын алға тарту арқылы бұлтартпас дәлелдейді.

Алтыншы тұжырымның жаңашылдығы орнықты, орынды әрі жүйелендірілген. Ізденуші отандық ғалым Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың жарты ғасыр бұрын қалдырған келешек ақпараттық технологияларға арналған жұмысын қайта жаңғыртқандай. Сол жолда ол шетелдік ғалымдар тұжырымдарын сұрыптады, өзінің сараптамалық әдіс-тәсілдерін іске жекті. Егер Марат Барманқұлов ақпараттық технологияларға жалпы болжамдық сипаттама берсе, З.Қ. Буенбаева оны эмпирикалық зерттеу арқылы нақты кескіндей түсті, процестік анықтама берді.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Ізденуші ұсынып отырған тұжырымдар мен қорытындылар дәлелді, шынайы әрі берік негізделген.

Бірінші нәтиженің ғылыми және академиялық шынайылық дәрежесі отандық ғалымдардың көне түркі жазбалары мен графикалық таңбалауды заманауи коммуникация құралы ретінде қолданысқа енгізген неміс ғалымдарының жұмысымен терең әрі салыстырмалы түрде салмақталғаны аңғарылады. Фактілік материалдармен, тиісті әдебиеттермен жүргізілген сараптамалық жұмыстан біз автордың ғылыми дәйектеу, өзіндік тұжырымдарды ұйыстыру және қорғай алу қабілеттерін байқадық. Теориялық күрмеуді практикалық сынақтан өткізу, көне жазбалардың бүгінгі графикадағы көрінісін

дәлелдеу мақсатында оның арнайы тренингтер мен медиа жиындарға қатысқаны, өнегелік тәжірибе жинақтағаны – құптарлық қадам. Бұл өз кезегінде ізденушінің аталмыш мәселені әр қырынан зерделеуіне барынша септігін тигізген.

Автор «2» тұжырымында медиа саласында дамып жатқан заманауи құбылыстарды ұлттық дәстүрмен қиюластырады. Аталмыш байламға әдебиеттерді іріктеуі де, оны сараптау жұмысы да, өзіндік пікір білдіру мәдениеті де сай. Дәстүр мен жаңашылдықтың аражігін ажырату, айқындай түсу үшін автор көптеген қызықты ақпараттық кестелер келтіреді. «Палео» және «нео» сынды ұғымдарды бедерлей көрсетеді. Бірнеше таңсық терминдер, пәнаралық теориялар мен құбылыстарды өзара негізделген. Дәстүр мен интернет қарым-қатынасы саласында автор пайдаланған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігін қалыптастырып, шегендей түскен.

Реттік саны «3» тұжырымда ізденуші шетелдік әдебиеттерді жан-жақты зерделеген, ғылыми-танымдық сүзгіден өткізген. Оннан астам батыстық теоретиктердің тұжырымдарын сараптау қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі конвергенция көрінісін толыққанды сипаттауға мүмкіндік берген. Американдан бастау алатын бұл үдерістің американдық тәжірибесін тереңнен тарта келе, құрлықтың ар жағындағы елде медиа конвергенцияның пайда болу себептері жете қарастырылған, Еуропа және Шығыс елдерінің тәжірибесі мейлінше талданған. Соның нәтижесінде қазақстандық медиасинтезінің көрінісі отандық медиа-менеджерлермен сұхбат жүргізу арқылы практикалық тұрғыдан тұтастандырылған. Бұдан біз автордың әртүрлі ресурстардың басын ұтымды біріктіріп, журналистикатануды сауатты әрі дәлелді тұжырымдарымен байытқанын аңғарамыз.

«4» және «6» тұжырымдар өзара тығыз байланысты. Аталмыш тұжырымдардың ақпараттық технологиялық революция заманында бой көтеруі әуелі уақыт талабы. Ізденушіәлеуметтің аксиологиялық картинасының қалай және қандай себептермен өзгергенін К. Ясперс, Э. Дюркгейм, М. Маклюэн, Ю. Хабермас сынды философтар мен әлеуметтанушылардың еңбектеріне сүйене отырып талдайды. Орыстілді ғылыми кеңістіктегі теоертиктердің еңбектері де назардан тыс қалмайды. «Бұқаралық сана» туралы ойларға қоса, оның қусырылу және кеңейтілу қабілетін атап өтеді. Сөйтіп, оның жұқпалы, эмоционалды, мозаикалы, қозғалмалы және құбылмалы психикалық сипаттарын түйіндейді. Ақпаратқа реакция да осындай психикалық салдарға тәуелді болу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ал сана модернизациясына тікелей әсер етуші құрал ретінде Интернетті баса көрсетеді, оны жан-жақты ойлармен, теориялармен, бақылау әдістерімен дәйектейді. Сонымен қатар, автор адам санасында қалыптасқан өзіндік «виртуалды шынайылық», «жылтыр мәдениет», «жалпыдан – жалпыға» принципі туралы келелі сөз қозғайды. Айта қаларлығы, ізденуші зерттеу тәсілдерін ұтымды пайдалануының арқасында таразының екі басын теңдей ұстап тұруға тырысады. Өз ойын бірден-бір ақиқат деп есептемейді, плюралистік пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, сана модернизацияның жағымсыз жақтарын теоретиктердің тұжырымдарымен бейтарап сипаттай келе, сана модернизациясын, Шәкірімше айтар болсақ, белгілі бір дәрежеде қозғалыстың көрінісі деп түйіндейді. Ғаламдық байланыс пен мәдениеттер тоғысында пайда болған ақпараттың жаңа формаларын, соның ішінде тұтынушының контент пен медианың генераторына айналатынын, біздіңше, жас ғалым тап басқан. Дәстүрлі форматпен шектелу – миллиондаған аудиториядан айырылу деп түсіндіреді. Оны халықаралық медиа холдингтердің тәжірибесін сипаттау арқылы дәйектейді.Сондай-ақ, ізденуші бұрынғы түсініктегі кеңістік ұғымы жойылып, «география соңы» феноменінің пайда болғанын иланымды сипаттайды. Боттар редакциясы немесе «жасанды редакция», онлайн-чат, деректі web фильмдер, дыбыстық интерфейс, толымды шындық және басқа да интеллектуалды боттардың қызметін нақтылайды. Осылайша дәстүрлі журналистикадан басталатын заманауи медианың толыққанды панорамасы көз алдымызға келеді. Сондықтан бұл тұжырымдарды біз әбден піскен, қажетті ғылыми әдебиеттерді шендестіре пайдалану арқылы жеткілікті дәйектелген деп ауыз толтыра айта аламыз.

Ізденуші «5» тұжырымды контент талдау арқылы негіздейді, дәлелдейді. Жаһандану, дәстүрден қол үзу, глокализация, детерриторизация, мәдениет пен әлеуметтік кеңістіктің медиатизациясы тақырыптары төңірегінде айтылып жүрген ғылыми сараптамалар мен қоғамдық пікірталастарды қамти отырып, отандық контентке талдау жүргізеді. Ұлттық мәдениет пен мультмәдениет бәселескен заманды сипаттай келе, қайсысы басымдыққа ие болатынына көз жібереді. Аға буын мен жаңа буынның БАҚ беттеріндегі өзара диалогын сараптайды. Арнайы сервис арқылы контент мониторинг жасап, түйін сөздерді анықтау арқылы отандық интернет кеңістікте қазақстандықтардың ең жиі сұратылатын сөздерін сүзіп шығады. Рухани, локальдық сұранысты анықтау үшін «ұлттық сана», «ұлттық код», «руханият», «дәстүр» сынды бірнеше түйін сөздерді анықтайды. Нәтижесін нақты сандармен көрсетеді. Танымал батыстық ғалымдардың XX ғасыр мен XXI ғасырдағы адамзаттың дамуы – адамның өмір сүру салтын, дәстүрін, ішкі дүниесін, ойын, сезімін отарлаумен ерекшеленеді деген ойларын ой елегінен өткізе отырып, бұл тұжырымды тағы бір рет жүйелей түседі. Жалпы, «рухани отарлау» саясатының медиа кеңістіктегі көрінісін толыққанды теориялар арқылы тексерімнен өткізеді. Автор заманауи мәдени кеңістіктегі дәстүр трансформациясына қатысты батыс теоретиктерінің пікірлерін талдай келе, олардың жергілікті сипатына толықтай тоқталады. Интенсивті және ілеспе коммуникациялардың дәстүрлі құндылықтарға әсерін талдайды. Біздіңше, ізденушінің бұл тұжырымдарды негіздеуде пайдаланған әдістері аса тартымды, көкейге қонымды.

5. Академиялық адалдық принципі.

Ізденуші Буенбаева Зарина Қайратқызы зерттеужұмысын жазу барысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған. Диссертацияда жалпы саны 225 дереккөзі пайдаланылған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Жұмысты жазу барысында Зарина Буенбаеваасқан ұқыптылықпен әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді дәйексөздеріне үнемі сілтеме беріп отырады. Сонымен қатар, академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтарын байқамадық.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Диссертацияда ұсынылған құнды деректер мен дәйектердің практикалық маңызы зор. Зерттеу жұмысындағы деректерді, теориялық байламдарды журналистика факультетінің оқыту бағдарламасында пайдалануға болады. Сонымен қатар, ізденуші ұсынып отырған «конвергенция үдерісі» бағыты «Конвергенцияға кіріспе» немесе «Конвергентті журналистика» сынды арнайы курс жүргізуге толық мүмкіндік береді. Заманауи журналистиканың төңірегінде болашақта жүргізілетін басқа да ғылыми еңбектер, соның ішінде дипломдық және магистрлік жұмыстарды жазуда, ғылыми мақалалар мен докторлық зерттеу жұмыстары үшін дереккөз ретінде пайдалануға болады.

Докторлық еңбектің теориялық маңызын да өтіп өтуді жөн санаймыз. Ол, біріншіден, журналистикатану ілімі қорын жаңа бір тақырыпты терең және жан-жақты зерттеумен байыта түсті. Екіншіден, зерттеу жұмысы көтеріп отырған сабақтас тақырыптар жаңа зерттеулерге жол ашып отыр. Үшіншіден, З.Қ. Буенбаеваның аталмыш зерттеу еңбегімонография немесе оқу құралы ретінде басып шығаруға әбден татиды.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Ізденуші Буенбаева Зарина Қайратқызы диссертациялық жұмысын жазу барысында отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда бірнеше мақаласын жарыққа шығарды.Зерттеу жұмысында З.Қ. Буенбаева аталмыш жарияланымдарына сілтеме беріп отыр. Күні бүгінге дейін ізденуші ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген талаптарға сәйкес зерттеу жұмысы аясында жалпы саны сегіз мақала жариялады. Республикалық ғылыми басылымдарда 3 мақала:

1. Буенбаева З. Журналистикадағы «брендтің» ақпараттықформасынемесе бренд-журналистиканыңбүгінгісипаты. ҚазҰУхабаршысы. Журналистика сериясы. – 2015. – № 2 (38). – 108 б.
2. Буенбаева З.К. Казахстанское телевидение в режиме онлайн// Вестник, серия журналистики.-2016. – №4(42). - Б. 202-208.
3. Буенбаева З. Қазіргіконвергенттікжәнежаңа медиа технологиялардыңдәстүрлі БАҚ үдерістерінеәсері. ҚазҰУхабаршысы. Журналистика сериясы. – 2015. – №1/2 (37). – Б.502-505

Scopus базасына енетін нолдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала:

1. Buyenbayeva Z., Kamzin K. The Diversification of Media Convergence in Kazakhstan Based on the Television Experience// Astra Salvensis. – 2018. -AN VI. – №11.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында 3 мақала жарияланды:

1. Буенбаева З.Қ. Конвергентті журналистиканың кәсіби деңгейі (отандық және шетелдік тәжірибе): екінші халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Жас тілшілер» форумы мен III Т.Қожакеев оқулары аясында «Қазіргі заман публицистикасы және әл-Фараби мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы, 2015.- Б. 22-23.
2. Буенбаева З.Қ. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы конвергенция үдерісінің эволюциясы // «IV халықаралық Фараби оқулары» аясында «Тұрақты даму мақсатындағы халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (II MTIJ) атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – 2017– 135 б.
3. Буенбаева З.Қ. Конвергентті журналистиканың кәсіби деңгейі (отандық және шетелдік тәжірибе): екінші халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Жас тілшілер» форумы мен III Т.Қожакеев оқулары аясында «Қазіргі заман публицистикасы және әл-Фараби мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы, 2015.- Б. 22-23.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында 1 мақала жарияланды:

1. Буенбаева З., Тасилова А. Интернет-влияние и развитие онлайн-журналистики в Казахстане// Наука и современность. Сборник материалов 53, международной научно-практической конференции. – Новосибирск, 2017. –С.90

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Ізденушінің ғылыми жұмысына жоғары баға беруді жөн деп білемін. Дегенмен, зерттеу жұмысында кездесетін келесі бір кемшіліктерді атап өтуді жөн санаймын:

1.Зерттеу жұмысының II тарау, «Қазақстандағы медиа конвергенция үдерісі (жаңа технологиялар, инновациялық мүмкіндіктер)» атты 2.1 бөлімінде «Мерзімді баспасөз беттеріндегі конвергенция тәжірибесі» деген тақырыпшаны «Мерзімді баспасөз ***редакциясындағы*** конвергенция тәжірибесі» деп, яғни «беттеріндегі» деген сөзді «редакциясындағы» деген сөзге алмастырса логикалық тұрғыдан ұғынықты әрі ұтымды болар еді деп ойлаймыз. Өйткені автор бұл жерде басылымның емес, редакцияның конвергенттелуін айтуға тиіс.

2. Ізденуші жұмысының кей тұстарында ғылыми стильден гөрі әдеби, образды тілге көшіп кетеді, бірді-екілі жерде ресми қабылданған терминнің орнына өз нұсқасын ұсынады.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкес.

Буенбаева Зарина Қайратқызының «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясында кездесетін кемшіліктерге қатысты айтылған сын-пікірлер зерттеу жұмысының мазмұнына,

құндылығына пәлендей нұқсан келтірмейді. Аталмыш диссертациялық еңбек – теориялық және практикалық жағынан айрықша жүйеленген, сөз жоқ, дербес ғылыми зерттеу жұмысы.

Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша жазылған «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясының ұсынып отырған салмақты зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары оның философия докторы (PhD) атағын алуға әбден лайық екендігін дәлелдейді.

Сарапшы:
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты
А.О. Есдаулетов

